

**"Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 750 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 113 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.03.2017 № 113 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған " Агробизнес-2020" бағдарламасында:

"Бағдарлама паспорты" деген 1-бөлімде:

"Міндеттерде":

4-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалаудың тиімділігін арттыру;"

"8) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту;

9) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.";

"Нысаналы индикаторларда":

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен жалпы сомасы кемінде 300 млрд. теңгеге кемінде 8 жылға ұзарту;"

"Агроөнеркәсіптік кешендегі ағымдағы ахуалды талдау" деген 3-бөлімде:

"Өсімдік шаруашылығының проблемаларын талдау" деген 3.3.1-кіші бөлімнің үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бидайдың 2011 жылғы жоғары өнімі кезінде оны асыра өндіру орын алды, бұл өнімді экспорттау кезінде қиындықтар, сондай-ақ астық тасығыштар мен сақтау қуатының тапшылығын туғызды. Майлы дақылдар бойынша сақтау қуатының тапшылығы және АШТӨ-нің агротехнологиялар білімінің жетіспеушілігі байқалды. Соя мен жүгері өндірісінде өндірістің ұсақ тауарлығы өнімділіктің төменділігіне әкелді, сондай-ақ қайта өңдеу саласында проблемалар бар. Ұсақ тауарлы АШТӨ арасында бөлінген суармалы жерлердің тапшылығы, олардың мелиоративтік жағдайының нашарлауы, сақтау қоймаларының тапшылығы, қайта өңдеу өнеркәсіптері үшін шикізаттың жетіспеушілігі жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру үшін негізгі тежеуші факторлар болып табылады, бұл осы өнім түрі бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары дәрежесіне әкеледі."

"Агроөнеркәсіптік кешеннің қамтамасыз етуші салаларының даму деңгейін талдау" деген 3.4-кіші бөлімде:

"Жер ресурстарын пайдалану" мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Республикадағы суармалы жерлер 2013 жылғы жағдай бойынша 1991 жылмен салыстырғанда 0,26 млн.га азайды және олардың көлемі 2,09 млн.га құрайды, жыл сайын олардың шамамен 1,5 млн.га пайдаланылады. Пайдаланылмайтын суармалы жерлерден өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру кезіндегі жыл сайынғы шығындар шамамен 275 млрд.теңгені құрайды.";

"Негізгі тұжырымдар" деген 4-кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында:

1) азық-түлікке артып келе жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғыртуға;

2) шығымдылықты елеулі өсіруге;

3) егістік алқаптарын ұлғайтуға;

4) жаңа технологияларды енгізуге;

5) мал шаруашылығының жемшөп базасын әлемдік деңгейде құруға;

6) жаппай өндіру ірі экспорт нарықтарын игеруге мүмкіндік беретін азық-түлік өнімдерінің түрлерін айқындауға;

7) елдің экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншылар қатарына кіруін қамтамасыз ете отырып, экологиялыққа баса назар аударумен бәсекеге қабілетті ұлттық брендтер құруға;

8) ауыл шаруашылығында, оның ішінде қуаң өңірлерде жаңа технологияларды енгізуге;

9) озық технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру бойынша міндеттемелерді көздейтін ашық баға қалыптастыру және инвестицияларды тарту қағидаттарында тиімді жер нарығын құруға;

10) агробизнесті енгізуге, кооперация процесіне, жерді тиімді пайдалануға бөгет жасайтын кедергілерді жоюға;

11) ауыл шаруашылығы субъектілерінің ұзақ мерзімді қаржыландыруға және өткізу нарығына тікелей қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

12) қарыздарды кепілдендірудің және сақтандырудың тиімді жүйесін құруға;

13) ауыл шаруашылығы мен денсаулық сақтауда ғылыми зерттеулерді кеңейтуге, оның ішінде сынақтық ғылыми-инновациялық кластерлерді құруға және құрғақшылыққа төзімді гендік түрлендірілген өнімдер мәселесін зерделеуге бағытталған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуді тапсырған болатын.

Республиканың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мақсатын белгілеу кезінде Мемлекет басшысының жоғарыда көрсетілген тапсырмалары мен сыртқы ортада және еліміздің АӨК-тегі ағымдағы жағдайлардың қалыптасқан түйінді үрдістері ескерілді:

1) экстенсивті дамыту мүмкіндіктерінің аяқталуы орын алды, бұл азық-түлікке артып келе жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғыртуды қажет етеді;

2) алдағы ДҰС-ға кіру және КО шеңберіндегі қызмет жағдайларында, халықаралық сауданы, көлік және коммуникация құралдарын белсенді дамыту, өнім стандарттарын көтеру, тұтынушылар қалауының өзгеруі кезінде бәсекеге қабілеттілігіне және онымен тікелей байланысты еңбек өнімділігі, АШТӨ-нің экономикалық тиімділігі, өнім сапасы мен оның маркетингі мәселелеріне қойылатын талаптар бірінші кезекке қойылады;

3) өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы субсидиялауды қоса алғанда, саланы қаржылық сауықтыру, АШТӨ үшін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ АӨК субъектілерін ветеринариялық, фитосанитариялық қауіпсіздік және сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қамтамасыз етуді дамыту, жер қатынастары, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында АӨК салаларын мемлекеттік қолдау жөніндегі бірқатар жүйелі шаралар талап етіледі.

Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың күш-жігерін мынадай бағыттарға жұмылдыру қажет.

Өсімдік шаруашылығы.

Өсімдік шаруашылығы саласын дамыту дақылдарды өңдеудің ғылыми негізделген ылғал-ресурс үнемдеуші технологияларына көшу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы айналымына жаңа және қазір пайдаланылмайтын жерлерді тарту жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруға бағытталады болады.

Бұл ретте егістік алаңдарын әртараптандыру жалғастырылатын болады, ол майлы, жемшөп, бақша сияқты және басқа басым ауыл шаруашылығы дақылдарына арналған егіс алаңдарын ұлғайтуды болжайды.

Егіс алаңдарын белгіленген ғылыми-негізделген ауыспалы егістерге сәйкес келтіру қажет.

Өсімдік шаруашылығында өнімділікті арттыру мақсатында минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, тұқымдар мен көшеттерді сатып алу кезіндегі шығындарды субсидиялау түрінде ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау жалғастырылатын болады.

Суармалы егіншілік салалардың қолайсыз табиғат жағдайларына тәуелділігін төмендетуге, тұрақты ауыл шаруашылығы өндірісін және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты суармалы жер алаңдарын қалпына келтіру және су үнемдеу (тамшылатып және жаңбырлатып суару) технологияларын қолдану кезінде инвестициялық субсидиялау тетігін енгізу жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Астық өндірісінің инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару қажет, өйткені дәнді дақылдар ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау құрылымында неғұрлым үлкен үлеске ие. Элеваторлар мен астық тасығыштардың жетіспеушілігі проблемасын астықты өңдеу мен сақтауға, сондай-ақ оны тасымалдауға арналған қуатты құру және кеңейту есебінен шешу керек.

Мал шаруашылығы.

Мал шаруашылығы саласында ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру және АШТӨ-ні етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін асыл тұқым базасын дамыту және мал мен құстың генетикалық әлеуетін арттыру бойынша жұмысты, оның ішінде одан әрі репродукциялау үшін асыл тұқымды малдарды импорттау есебінен жалғастыру қажет.

Дәстүрлі мал шаруашылығы салаларын дамыту үшін жайылымдық мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын дамытуды ынталандыратын іс-шаралар кешені қабылданатын болады.

Сондай-ақ шағын және орта фермаларды және отбасылық үлгідегі шаруашылықтарды құру бойынша жұмыс күшейтілетін болады.

Мал шаруашылығы үшін мықты жемшөп базасын құру жөнінде бірқатар шаралар қабылданатын болады. АШТӨ-нің шахталы және құбырлы құдықтарды салу және қалпына келтіру кезінде жайылымдарды суландыруға; жемшөп дақылдарын өсіруге арналған суармалы жүйені сатып алу және енгізу кезінде; мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кәсіпорындарының қажеттілігін сапалы және құнарлы жемшөптермен қамтамасыз ету үшін жемшөп зауыттарын салуға салған инвестициялық салымдарының бір бөлігі өтелетін болады.

Мал шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға, қуаң аймақтарда ауыл шаруашылығы жануарларын суаруды қамтамасыз ету үшін суды сақтау жүйесін енгізуге бағытталған заманауи технологиялар енгізілетін болады.

Өңдеу өнеркәсібі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында отандық өнім сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының түр-түрін кеңейту және сол арқылы КО бойынша негізгі сауда әріптестерімен бәсекелестікке тең жағдайлар жасау үшін өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтау, халықаралық сапа стандарттарына көшу өзекті болып қалуда.

Осы арада, мемлекеттік органдардың стратегиялық құжаттарына техникалық реттеу, сауда, бәсекелестікті қорғау, ақпарат, кеден және шекара қызметтері мәселелерінде түзетулерді жүргізу қажет. Отандық тамақ және өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің ішкі нарығын ұлғайту және сыртқы нарығын кеңейту мақсатында мүдделі уәкілетті органдармен ынтымақтастықта ішкі нарықты импорттық тауарлардың жасырын демпингінен қорғау; техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейту; отандық тамақ өнімдерін басым сатып алу бөлігінде заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету; отандық өнімдерді сауда желілерінің сөрелеріне жеткізу тетігін жетілдіру; сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту; отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығару; аралас салаларды дамыту; ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша шаралар қабылдау қажет.

Ветеринария және фитосанитария.

Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Жоспарланып отырған ДСҰ-ға кіру АШТӨ-ден азық-түлік қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін сапалы және қауіпсіз өнімді жеткізуді талап етеді. Осыған байланысты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде заңнамалық базаны жетілдіру мәселесін пысықтау қажет, малдардың аурулары қарсы күрес стратегиясын қайта қарап, ауруларға бақылау, қадағалау және мониторингтеу үшін ықпалдастырылған кеңейтілген ақпараттық жүйесі бар зертханалардың тармақталған желісін құру керек. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ауылдар деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Фитосанитария саласында аса қауіпті

организмдермен күресудің заманауи қауіпсіз әдістерін енгізу жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізу қажет.

Агробизнес жүргізуге, кооперация процесіне, тиімді жер пайдалануға бөгет болатын кедергілерді жою.

Мемлекет басшысының кәсіпкерлерге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру, оларға әкімшілік қысым көрсетуді азайту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында мемлекет тарапынан жүргізілетін тексерістерді жоспарлауды жүйелендіру мен азайту жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Отандық инвесторлар үшін де және шетелдіктер үшін де ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға беру мерзімін ұзарту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мәселесі пысықталатын болады.

Мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру.

"Агробизнес-2020" бағдарламасының бағыттарын нақтылау АӨК басым бағыттарын дамыту жөніндегі шебер-жоспарларда көзделеді.

Импортқа тәуелділікті азайту және отандық АӨК өнімдерінің экспортын ұлғайту жөнінде Бағдарлама көрсеткіштеріне қол жеткізу шебер-жоспарларды іске асырудың негізгі мақсаты болып табылады. Шебер-жоспарлар Бағдарламаның жылдар бойынша және олардың мамандануын ескере отырып, өңірлер бөлісінде жоспарлы көрсеткіштерін (оның ішінде) жан-жақты бөлуді көздейтін болады.

Жергілікті атқарушы органдардың шебер-жоспарларда бекітілген көрсеткіштерге қол жеткізуін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тұрақты негізде ресми сайтта тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жұртқа жеткізеді.

Бұдан басқа табиғи-климаттық жағдайларды, өткізу нарығы мен өңірлердің даму әлеуетін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандыру енгізілетін болады. Өңірлерді мамандандыруды енгізу ескерілген егіс алқаптарының жоспарлы құрылымы осы Бағдарламаға 1-қосымшада ұсынылған.

Өңірлерді мамандандыру схемасы АӨК-те мемлекеттік саясатты сараланған түрде және неғұрлым тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын беру қағидалары өңірлерді мамандандыру схемасын ескере отырып, түзетіледі және өңірлерді мамандандыру схемасы шеңберінде ұсынылмайтын ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялауды кезең-кезеңмен тоқтатуды көздейтін болады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар аудандар бөлінісінде өңірлерді мамандандыру схемасына сәйкес 2016 жылға дейін дайындау кезеңін көздейтін ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялауға; мамандандыру схемасының тиісті ұсынымдарына 50 %-ға сәйкес келетін ауыл шаруашылығы өндірісін 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейін субсидиялауға, ал 2020 жылдан бастап толығымен өңірлерді мамандандыру схемасына сәйкес ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялауға кезең-кезеңмен ауысу жоспарларын әзірлеп, аумақтарды дамыту бағдарламаларына енгізетін болады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары мен тетіктері әзірленетін болады.

Озық технологияларды енгізуді ынталандыру және отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында қолданыстағы қолдау шараларымен қатар жеке дақылдарды тікелей субсидиялаудан жеңілдетілген қаржыландыру арқылы қолдауға біртіндеп көшуді (кредиттер және лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, қаржы ұйымдары алдындағы АШТӨ қарыздарын кепілдендіру жүйесін және сақтандыру жүйесін енгізу), сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде инвестициялық субсидиялауды көздеу қажет. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық тұрақсыздығын болдырмау және олардың қысқаруына жол бермеу мақсатында аталған кәсіпорындарды қаржылық сауықтыруды жүзеге асыру қажет.

Мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялау жүйесін жетілдіру қажет. ДСҰ-ға кіру, сондай-ақ КО мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі мүшелік аясында отандық АШТӨ-ге тең жағдайларды қамтамасыз ету үшін жоспарланып отырған кезеңде мемлекеттік қолдау деңгейін ықпалдастыру процестері шеңберінде тиісті келісілген көрсеткіштерге дейін жеткізу қажет";

"Бағдарламаны іске асыру мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері" деген 4-бөлімде:

"Бағдарламаның нысаналы индикаторлары" мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаның нысаналы индикаторлары:

1) АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылға қарай 4,5 есе арттыру;

2) АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен жалпы сомасы кемінде 300 млрд. теңгеге кемінде 8 жылға ұзарту;

3) кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемін 2013 – 2020 жылдары 2 трлн. теңгеге дейін жеткізу;

4) карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының қауіптілік коэффициенті 2020 жылға қарай 0,88;

5) мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесі 2020 жылы – 0,4 %;

6) электрондық пішімге көшірілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үлесі 2015 жылға қарай – 62 %.";

"Қаржылық сауықтыру" деген 4.1-бөлімде:

бесінші және жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекет, кредит берушілер мен меншік иелерінің қатысуына қарай қаржылық агент арқылы негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы құралдарды толықтыруға қаржылық сауықтыруға жататын кредиттер және/немесе лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды ұсына отырып, оны түпкілікті төлеуші – АӨК субъектісі үшін төмендету арқылы қолдауды жүзеге асырады.";

"АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыруды өткізу ұйымдастырылған капитал нарықтарынан қаржы агенті тартқан қаражат, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте, қаржылық агент тартқан қаражат басқа да кезек күттірмейтін міндеттерге пайдаланылуы мүмкін.";

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру" деген 4.2-бөлімде:

"Минералды тыңайтқыштар мен гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.1.2-міндетте:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2.1.2. Тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыру";

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"АШТӨ-ні өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды жүргізуге ынталандыру мақсатында минералды тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру болжанады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2017 жылдан бастап ашық және жабық топырақтағы көкөніс дақылдарын, бақша және жеміс дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар құнын арзандату жоспарлануда.";

"Минералды тыңайтқыштар мен гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер" деген 9-кестеде:



тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-кесте. Тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жолмен толықтырылсын:

"

Егістердің жалпы алқаптарымен салыстырғанда									
3 биоагенттермен (энтомофагтармен) өңделген алқаптарды қамтылуы, %	29,0	30,5	33,6	37,6	67,5	68,3	69,0	69,3	

";

"Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық тұқымдары мен екпелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.1.3-міндетте:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2.1.3. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің тұқымдары мен екпелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарлы шаруашылықтардың бірінші репродукциялы (1-ұрпақ гибридтері) тұқымдарға қолжетімділігін арттыру, уақтылы тұқым алмасу және тұқым жаңартуды жүргізу мақсатында 2015 жылдан бастап элиталық тұқымдарды субсидиялауды алып тастауды және бірінші репродукциялы (1-ұрпақ гибридтері) тұқымдарды субсидиялауға ауысуды көздейтін тұқым шаруашылығын субсидиялау тетігі жетілдірілетін болады. Сондай-ақ АШТӨ сатылған жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің құнын субсидиялау жалғастырылатын болады.";

"Астық сақтау бойынша қызметтердің физикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.2-кіші бөлімдегі төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстандық астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында 2020 жылға дейін астықты батыс бағытында тиеп-жөнелту қуаты ұлғайтылатын болады.

Қытайдың өсіп келе жатқан халқын және тұтыну құрылымының бидайдан жасалған өнімдерді тұтынудың ұлғаюына қарай өзгеруін ескерсек, Қытай нарығы Қазақстан үшін барынша перспективалы болып табылады. Сонымен бірге Қытай Қазақстан астығын Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне және осы бағыттағы басқа да елдерге экспорттау үшін транзиттік мемлекет болуға қызығушылық танытады. Осыған байланысты, астық экспортын ынталандыру үшін шығыс бағыттағы астық терминалының құрылысы жүргізілетін болады.";

"Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге судың экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.3-кіші бөлім мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Су пайдаланушылардың суды үнемдеу технологияларына ауысуын ынталандыру мақсатында суды беру бойынша қызметтер құнын субсидиялау тетігі суармалы судың шаршы метріне субсидия мөлшерін есептеу әдістемесін өзгерту бөлігінде жетілдірілетін болады.

Бұдан басқа, әкімшілік рәсімдерді төмендету және су мөлшерін қолжетімді бағамен алуды жеңілдету мақсатында АШТӨ су беру бойынша қызметтер құнын субсидиялауды тікелей су берушілерге беру жоспарланады. Бұл су шаруашылығы ұйымдарының гидромелиоративтік жүйелерін тиісті күтіп-ұстау бойынша іс-шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.";

"Мал шаруашылығындағы және тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.4-кіші бөлімде:

"Малды күтіп-бағудың және мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.4.1-міндеттегі бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Мал шаруашылығы саласын дамыту және АШТӨ-ні өндірісті технологиялық қайта жаңғыртуға ынталандыру, сондай-ақ өндірілетін мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасын арттыру мақсатында мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жалғастыру көзделеді.

Мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын құру үшін шахталы және құбырлы құдықтарды салу және қалпына келтіру жолымен жайылымдарды суландыруға, жемшөп дақылдарын өсіру үшін суару жүйелерін сатып алуға және енгізуге, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кәсіпорындарының қажеттілігін сапалы және теңгерімді жемшөптермен қамтамасыз ету үшін құрама жем-шөп зауыттарын салуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің инвестициялық салымдарының бір бөлігі өтелетін болады.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мал шаруашылығында жаңа заманауи технологиялар енгізілетін болады, атап айтқанда, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған технологиялық жабдықтарды сатып алу және енгізу, ауыл шаруашылығы жануарларын суаттармен қамтамасыз ету үшін қуаңшылық аймақтарында суды сақтау жүйелерін енгізу.

"Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту" жобасын іске асыру малды бордақылау инфрақұрылымын, фермерлік шаруашылықтарды құру және ірі қара

малдың аналық мал басын ұлғайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштерге сәйкес жалғастырылатын болады.";

"Асыл тұқымды өнімнің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.4.2-міндетте:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы жануарларының сапалық құрамы мен тұқымдық сапасын жақсартумен айналысатын АШТӨ-ге асыл тұқымды аналық мал басын және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ бордақылау алаңдарына бұқаларды сату бойынша шығындарын субсидиялау түрінде қолдау көрсетілетін болады.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

"Асыл тұқымды өнімнің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер" деген 17-кестеде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1-1-жолмен толықтырылсын:

"

1-1	Барлық санаттағы шаруашылықтағы жануарлардың жалпы мал басындағы асыл тұқымды жануарлардың үлесі, %								
	ІҚМ	8,8	9,4	9,9	10,4	10,9	11,5	12,1	12,7
	жылқылар	7,1	7,5	8,0	8,5	9,0	9,5	10,1	10,7
	қойлар	14	14,7	15,4	16,2	17,0	17,9	18,8	19,7
	ешкілер	0	0,2	0,2	0,2	0,3	0,3	0,3	0,3
	шошқалар	16,3	16,8	17,3	17,8	18,3	18,9	19,5	20,0

";

мынадай мазмұндағы "Мал шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.4.4-міндетпен толықтырылсын :

"4.2.4.4. Мал шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Шет елдердің ойдағыдай қолданылып жатқан тәжірибесін ескере отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру бойынша мәселе пысықталатын болады.";

"Қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.6 -кіші бөлімде:

"Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.6.1-міндетте:

"Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер" деген 20-кесте мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-жолмен толықтырылсын:

	Ауыл шаруашылығы техникасының жалпы паркіндегі жаңартылған ауыл шаруашылығы техникасының үлесі, %, оның ішінде							
3	5-8 тартым сыныбының тракторлары	49,9	47,0	44,4	42,0	39,8	37,8	36,0
	3 және төмен тартым сыныбының тракторлары	55,8	51,0	47,0	43,1	39,7	36,6	33,9
	астық жинау комбайндары	56,6	52,2	48,4	44,8	41,6	38,7	36,1
	егу кешендері және сепкіштер	48,7	44,8	41,6	38,4	35,6	33,1	30,9

”;

"Басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.7-кіші бөлімдегі бірінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Азық-түлікке өсіп жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жандандыру шеңберінде Қазақстанның АӨК-сін дамытудың басты міндеттерінің бірі жаңа өндірістік қуаттар салуға не қолданыстағыларын кеңейтуге инвестициялар тартуды ынталандыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту болып табылады. Қазіргі уақытта "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес ұйымдарының жеңілдікпен кредит беру өнімдері бар және мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде негізгі және айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өтеу қолданылады.";

"Осыған байланысты Қазақстан Республикасында инвестициялық жобалардың капитал сыйымдылығын және өзін-өзі ақтау мерзімдерін төмендету үшін АӨК-нің басым секторларында жаңа өндірістік қуаттар салуға не қолданыстағыларын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде шығыстарды (кұрылыс-монтаждау жұмыстары, жабдықтар, ауыл шаруашылығы және арнайы техникалар сатып алу) ішінара өтеу түріндегі мемлекеттік қолдау енгізілетін болады. Жылдар бойынша сандық көрсеткіштері көрсетілген инвестициялық субсидияларды бөлу үшін басым инвестициялық бағыттардың тізбесі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.";

"Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерімен және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген 4.2.8-міндет мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2.8. Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелері мен консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Агробизнес субъектілеріне АӨК-дегі заманауи технологиялар мен озық ғылыми әзірлемелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында отандық аграрлық ғылым жүйесін реформалау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Реформалаудың түпкілікті мақсаты АӨК-де білімді генерациялау мен бәсекеге қабілетті инновацияларды таратудың орнықты жүйесін құру болып табылады.

Отандық аграрлық ғылымды реформалаудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші және экспорттаушы жетекші елдердің үлгісі бойынша салалық және ЖОО ғылымы арасындағы тығыз өзара іс-қимылға, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен агробизнес субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл жасаудың тиімді тетіктерін қолдана отырып әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасуға бағдарланған ауыл шаруашылығы зерттеулерін басқарудың жаңа жүйесін құру;

2) ұлттық ауыл шаруашылығы зерттеулері жүйесін мемлекеттік қаржыландыруды технологиялық көшбасшы елдердің деңгейіне дейін – саланың жалпы өнімінен кемінде 0,1 %-ға жеткізу;

3) аграрлық ғылымға дарынды жастарды тартуға және неғұрлым перспективалық ғылыми қызметкерлердің әлеуетін кәсіби іске асыру үшін жағдайлар жасауға ықпал ететін жаңа кадрлық саясат;

4) зерттеулердің сапасын арттыру, АӨК дамытудың басым бағыттары бойынша меншікті технологиялық платформаларды қалыптастыру мақсатында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталдық ұйымдардың инфрақұрылымын кезең-кезеңмен жаңғырту.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерінің нәтижелігін, тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында отандық аграрлық ғылым мен білімді реформалау және дамыту мақсатында іс-шараларды қаржыландыру бойынша мемлекет қажетті жағдайлар жасайтын болады.

АӨК салаларын ғылыми қамтамасыз ету проблемаларын шешу және жүргізілетін зерттеулердің шашыраңқылығын болдырмау, міндеттер қоюда кешенді тәсіл қолдану, АӨК саласындағы ғылыми зерттеулерді бірыңғай үйлестіру үшін Аграрлық ғылым жөніндегі ұлттық ғылыми кеңес құру жоспарлануда.

Үздік әлемдік баламаларға сәйкес келетін нәтижелері бар АӨК саласындағы озық білімдерді генерациялау мен таратудың жаңа ғылыми-инновациялық жүйесін қалыптастыру үшін халықаралық деңгейдегі пәнаралық ғылыми білім беру кешенін құру бойынша жұмыс жалғастырылады.

ҒЗТКЖ нәтижелерінің практикада қолданылуын арттыру және оларды АӨК субъектілерінің іс жүзіндегі қажеттіліктеріне бағдарлау мақсатында зерттеулердің тақырыптамаларын қалыптастыру кезінде зерттелетін тақырыптамаға кешенді тәсілді, нәтижелерді тәжірибеге енгізуді және қажетті біліктілігі бар ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі іс-шараларды көздейтін ғылыми-техникалық бағдарламалар іске асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығында қолданбалы зерттеулерді агробизнес субъектілерінің ортақ қаржыландыруын ынталандыру жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

Ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру тиімділігінің негізгі критерийі қойылған нәтижелерге қол жеткізуге агробизнестің ең қолайлы қатысуы арқылы олардың идеядан коммерциялау сатысына дейін жеткізілуі болып табылады.

Зерттеулердің нәтижелерін тиімді коммерциялауға дейін жеткізу мақсатында тәжірибелік және эксперименталдық жұмыстардың әдістері мен ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сынақтар, тәжірибелі тексерулер жүргізілуі қажет. Бұл үшін өндіріске жаңа технологияларды енгізу бойынша шаралар шеңберінде ғылыми ұйымдар зертханаларының аспаптық жиынтығын жаңарту жөніндегі іс-шаралар іске асырылады, Қазақстан Республикасында перспективалық және пайдалануға рұқсат етілген отандық сорттар мен гибридтердің бастапқы тұқым шаруашылығын дамыту үшін селекциялық-тұқымдық техниканы жаңарту бойынша шаралар іске асырылған болатын, өйткені аграрлық ғылымның ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының моральдық ескіруі орын алуда.

Өсімдік шаруашылығындағы өнімділіктің тұрақтылығын арттыру мақсатында қуаң өңірлерде ресурсты үнемдеу және нөлдік технологияларды әзірлеу және енгізу бойынша зерттеулер көзделетін болады.

Өндірісті экологиялық таза және қауіпсіз өнімдермен қамтамасыз ететін органикалық егіншілік қағидаттарында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп өсіру бойынша зерттеулер жүргізілетін болады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптарын арттыру мақсатында "жасыл" экономикалық тиімді агротехнологияларды әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары өнімді сорттары мен будандарын құру бойынша және оларды өсірудің қарқынды технологиясын әзірлеу бойынша зерттеулер ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін жоғарылатуға бағытталатын болады.

Ауыл шаруашылығындағы ғылыми зерттеулерді кеңейту жөніндегі шаралар шеңберінде қуаңшылыққа төзімді гендік түрлендірілген дақылдардың (бидай, мақта, соя, рапс, жүгері) мәселелерін зерделеу бойынша зерттеу жүргізілетін болады. Жануарларды жемшөппен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қуаңшылыққа төзімді жемшөптік дақылдар іріктеледі.

Инновациялық қызметті дамыту және технологиялық жаңартуға жәрдемдесу мақсатында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді перспективада арттыруға бағытталған нысаналы технологиялық бағдарлама іске асырылатын болады. Бағдарламаны іске асыру ғылымның, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл жасауына негізделген.

АӨК-те жаңа озық ғылыми-технологиялық бағыттарды іске асыру шеңберінде нысаналы технологиялық бағдарламалар тетігі арқылы технологиялық болжау қорытындылары бойынша мынадай сыни технологиялар: топырақтың құнарлығын молайту, прогрессивтік суару жүйелері, мал шаруашылығын қарқынды дамыту технологиялары, ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу технологиялары, инженерлік энзимология, жасушалық және гендік селекция, жасушалық және молекулярлық инженерия, биопрепараттар жасау технологиялары, өнімнің биоқауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері дамытылады.

АӨК бойынша нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыру индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысатын уәкілетті орган нысаналы технологиялық бағдарламаларды және басқаларды іске асыру тетігін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізгеннен кейін ғана басталады.

Білім беру қызметтері мен аграрлық ғылым нәтижелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында жаңа технологиялар мен отандық әзірлемелерді енгізу тетіктері, соның ішінде, агротехнологияларды коммерцияландыру және трансферттеу, білім тарату жүйелері қызметтерімен АӨК субъектілерін қамтуды кеңейту арқылы жетілдіріледі.

Кадрмен қамтамасыз ету саласында кадр даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жүргізіледі, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жалғасады.

АӨК өндірістік ұжымдарында кәсіптік стандарттарды енгізуді және оларды түзету бойынша ұсыныстарды жинақтауды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Аграрлық мамандықтар бойынша кәсіптік стандарттарға сәйкес білім беру стандарттары жаңартылады. Жұмыс берушілердің қатысуымен тәуелсіз агроөнеркәсіптік кешен мамандарының біліктілігін сертификаттау орталығы құрылады.

64 ел мен ұйымнан 15 халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарын қамтитын Халықаралық ауыл шаруашылығы зерттеулерінің кеңестік тобымен (бұдан әрі – ХАШЗКТ) шетелдік агротехнологияларды алу (трансферт), генетикалық

материалмен алмасу, мамандарды озық технологияларға, халықаралық ғылыми ортадағы әдістемелерге және ықпалдасуға оқыту саласында ынтымақтастықты дамыту жоспарлануда.

АӨК субъектілері мен мемлекеттік құрылымдар, аграрлық ғылым мен кәсіптік білім беру жүйесі арасында тиімді кері байланысты қолдау мақсатында білім тарату жүйесінің шеңберінде АШТӨ-ге тегін консультациялық көмек көрсету жалғастырылады.

23-кесте. Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	АӨК-те практикада қолданылатын отандық ғылыми әзірлемелер саны, бірлік	0	0	17	20	22	24	26	28
2	Білімді тарату жүйесінің қызметтерімен қамтылған АӨК субъектілерінің саны, адам	2375	1065	1153	1285	1430	1570	1719	2051
3	Агротехнологиялар трансферті мен коммерцияландыру жөнінде іске асырылған инновациялық жобалардың саны, бірлік	2	12	15	18	214	24	27	30

”;

”Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйелерін дамыту” деген 4.3-бөлімде:

”Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту” деген 4.3.1-кіші бөлімде: мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

”Өсімдік карантині бойынша іс-шараларды жүргізу және аса қауіпті зиянды организмдердің күтпеген жаппай таралуын жоюға арналған пестицидтер (ядохимикаттар) қорын сапалы және қауіпсіз сақтау мақсатында қажетті нормалар мен талаптарға сәйкес қойманы жобалау және кейіннен салу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.”;

алтыншы бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

”Сондай-ақ, фунгицидтерді сатып алуға арналған АШТӨ шығындарын ықтимал субсидиялау бөлігінде өсімдік ауруларына қарсы күреске бағытталған іс-шараларды қаржыландыру рәсімін қайта қарау мәселесін пысықтау қажет.”;

”Ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту” деген 4.3.2-кіші бөлімде: тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

”Қосымша ветеринариялық-санитариялық профилактикалық, диагностикалық және жою іс-шараларын сәтті жүргізу үшін ветеринариялық ұйымдарды (мемлекеттік ветеринариялық зертханалар, эпизоотияға қарсы жасақтар,



ветеринариялық станциялар және пункттер) материалдық-техникалық жабдықтау , сондай-ақ ветеринария саласындағы объектілерді салу (ветеринариялық зертханалар, ветеринария бойынша референттік орталық үшін зертханалық корпус, ветеринариялық препараттардың мемлекеттік қорын сақтау үшін арнайы қойма құрылыстары, виварийлер және басқалар) жоспарланып отыр";

"Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйелерінің тиімділігін арттыру" деген 4.4-бөлім:

мынадай мазмұндағы 1-1), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалау тиімділігін арттыру;"

"8) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту;

9) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастық деңгейін арттыру.";

мынадай мазмұндағы 4.4.1-1-кіші бөліммен толықтырылсын:

"4.4.1-1 Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалау тиімділігін арттыру

Суармалы жерлердің өнімділігін арттыру және оларды ұтымды пайдалану үшін олардың жай-күйіне тұрақты мелиоративтік мониторинг қажет.

Қазіргі уақытта суармалы жерлердің жалпы алаңының 70 %-ы мониторингпен қамтылған. Барлық суармалы жерлерді мелиоративтік мониторингпен қамти отырып зерттелетін жерлер алаңын кеңейту қажет.

Суармалы жерлерді мониторингтеу нәтижесінде жерасты сулары деңгейінің орналасу тереңдігі, олардың минералдануы және жердің сорлану карталарын жасау болып табылады. Осы материалдардың негізінде суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау жүргізіледі және су мен жерді тиімді пайдалануды жақсарту мен ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар әзірленеді.

26-1-кесте. Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалау тиімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

р/с №	Көрсеткіштің атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Агромелиоративтік зерттеулермен қамтылған, суармалы жерлердің алаңы, мың га	1467	1467	1467	1467	1467	1624	1799	2094

";

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін дамыту" деген 4.4.2-кіші бөлім алып тасталсын;

"Ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру" деген 4.4.3-кіші бөлім мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сондай-ақ, осы бағдарлама шеңберінде біліктілікті арттыру курстарын, оның ішінде шетелде ұйымдастыру, сондай-ақ шет елдерге іс-сапарларға қатысу мүмкіндігімен, сорттық сынау саласында мамандарды даярлауға ерекше назар аударылатын болады.";

"Ауыл шаруашылығында техникалық реттеу жүйесін дамыту" деген 4.4.5-кіші бөлімде:

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"КО-да ықпалдастыру процестерін тереңдету және жеделдету және бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру мақсатында АӨК саласында КО 7 техникалық регламенті бекітілді, қосымша КО-ның тағы 6 техникалық регламентін әзірлеу қажет.";

мынадай мазмұндағы 4.4.8. және 4.4.9-кіші бөлімдермен толықтырылсын:

"4.4.8. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту.

Мемлекет басшысының кооперацияның дамуына бөгет жасайтын тосқауылдарды жоюға қатысты тапсырмасын орындау мақсатында талдау жүргізілді және елдегі кооперация процесін тежейтін мынадай тосқауылдар анықталды:

1) коммерциялық емес ұйымдар нысанында құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтерінде табысты бөлу мүмкіндігінің жоқтығы;

2) нормативтік құқықтық базаның жетілмегені;

3) кооперативтер қызметінің айқын болмауы, кооператив мүшелерінің бір-біріне сенімсіздігі;

4) ішкі рәсімдердің шектен тыс реттелгені.

Аталған тосқауылдарды жою мақсатында Қазақстан Республикасының кооперацияны дамыту мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу болжанады.

Бұл ретте, АШТӨ-ні субсидиялау мәселелері фермерлерді кооперативтендіру міндетімен тығыз өзара байланыста балады.

4.4.9. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы шетел мамандарын тарта отырып талдамалық зерттеулерді жүргізуді және ұсыныстарды әзірлеуді, озық шетел тәжірибесін зерттеуді және енгізуді, сондай-ақ шетел инвестицияларын тарту процесін жандандыруды және АӨК өнімін өткізудің жаңа шетел нарықтарын іздеуді көздейді.

Осыған байланысты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық ерекше өзектілікке ие.

Қазіргі уақытта Қазақстан ЭЫДҰ, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен (бұдан әрі – ФАО), ХЭБ, Исламдық ынтымақтастық ұйымымен (бұдан әрі – ИЫҰ) белсенді ынтымақтастық жасауда.

ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан әртараптандыру және тікелей шетел инвестицияларын ұлғайту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының түрлі салаларының, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша консультациялар алууда.

ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық бағыттарының бірі Қазақстан Республикасында аграрлық саясаттың шолуын әзірлеу болып табылады, оның ішіне инвестицияланған мемлекеттік ресурстардың тиімділігін бағалау үшін саланың егжей-тегжейлі талдауын жүргізу кіреді. 2011 жылы ЭЫДҰ-дың әдістемесі бойынша Қазақстанның аграрлық саясатының шолуы әзірленген болатын.

Жүргізілген шолудың негізінде екі жыл сайын ЭЫДҰ әдістемесі бойынша ауыл шаруашылығы нарықтарындағы негізгі ойыншылар болып табылатын елдердің өндірушілерін қолдау деңгейін айқындайтын және түрлі елдерде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы сенімді және салыстырмалы сандық мәліметтердің жалғыз көзі болып табылатын Аграрлық саясаттың мониторингі жүргізіледі.

ФАО-мен ынтымақтастық аграрлық саясатты әзірлеуде біліктілігі жоғары ауыл шаруашылығы мамандарынан жедел консультациялар алуға, АӨК басым бағыттарында техникалық және консультациялық көмекке, аграрлық саясатта болып жатқан өзгерістерге жылдам ден қоюға, ел үкіметтерімен бірге ұсыныстарды әзірлеуге және өңірдің мамандануын ескере отырып, ауыл шаруашылығы дамуының басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Қазақстандағы ФАО өкілеттігі трансшекаралық проблемаларды шешуге бағытталған Қазақстан Республикасы қатысатын өңірлік жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру қарсаңында жануарлар мен жануарлар әлеміндегі саулықты қамтамасыз ету мәселелерінде халықаралық стандарттарды, ХЭБ аясында әзірленген жарлықтар мен ұсынымдарды қолдану аса өзекті. ХЭБ-пен ынтымақтастық шеңберінде техникалық және әдіснамалық көмек көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ХЭБ арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы туралы қол қойылған келісімді іске асыру бойынша жұмыс жүргізіледі, ветеринария жөніндегі референттік орталықтың жануарлар бруцеллезі бойынша ХЭБ референттік зертханасының мәртебесін алу бойынша көмек көрсетілетін болады. Сонымен қатар, Астана қаласында ашылған Орта Азиялық аймақ бойынша аусылды бақылау жөніндегі ХЭБ қосалқы аймақтық реттеуші кеңсесі аусылды бақылауды күшейту, өңірлік деңгейдегі аусылға қарсы күрес бойынша бірыңғай тәсіл мен стратегияны әзірлеу, ХЭБ өңірлік және

арнайы комиссияларымен бірлесіп, аусылға қарсы күрес бойынша Орта Азиялық өңірлік ветеринариялық қызметтердің күш-жігерін біріктіру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

ИЫҰ шеңберінде штаб-пәтері Астана қаласында болатын Исламдық Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ұйымды құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Аталған ұйымның құрылуы ИЫҰ кедей елдеріне халықаралық қаржы ұйымдары қаражаты есебінен қазақстандық астықты және азық-түліктің басқа түрлерін жеткізуін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл қазақстандық астық нарығын өткізудің қосымша нарығын қамтамасыз етеді деп болжанады, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы және басқа да елдердегі инфрақұрылымдық жобалардың проблемаларын шешуге мүмкіндік беретін ірі инвестициялық жобалары іске асыруға ықпал етеді, ол экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстанның шаруашылығы халықаралық ауыл шаруашылығы ғылыми орталықтарының әлемдегі ең ірі бірлестігі АШЗХКТ-ге кіруі жоспарланып отыр. АШЗХКТ-ге мүшелік ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларының гендік қорына, әлемдегі аса бай ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларының аса маңызды түрлерінің топтамасына, сондай-ақ АШЗХКТ ақпараттық және ресурстық жүйелеріне, әзірлемелеріне, инновациялар мен технологияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. АШЗХКТ орталықтары мен ғалымдары әлемдік деңгейде сапалы консультациялық қызмет көрсете алады және коммерцияланатын және сатып алынатын технологиялардың, ғылыми-техникалық жобалардың сараптамасын (қайтарымсыз негізде) жүзеге асыратын болады, Қазақстанның биоқауіпсіздігінің халықаралық деңгейін қамтамасыз етуде жәрдемдесе алады."

"Бағдарламаны іске асыру кезеңдері" деген 5-бөлімде:

"Бірінші кезең: 2013 – 2015 жылдар" деген 5.1-кіші бөлім мынадай мазмұндағы 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын;

"18) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту;

19) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.";

"Күтілетін нәтижелер" деген 5.3-кіші бөлімде:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен жалпы сомасы кемінде

300 млрд. теңгеге кемінде 8 жылға ұзарту;"

"Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2013 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 7-бөлімде:

"Өсімдік шаруашылығындағы тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген

4.2.1-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 4.2.1.2 "Минералды тыңайтқыштар мен гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру" деген жолдың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4.2.1.2. Тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыру";

мынадай мазмұндағы іс-шарамен толықтырылсын:

"

<p>Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар құны бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын субсидиялауды жүзеге асыру</p>	<p>АШМ-ге ақпарат</p>	<p>Облыстардың әкімдіктері</p>	<p>2015 жылдан бастап жыл сайын 15 ақпан</p>	<p>0</p>	<p>459 936 *</p>	<p>459 936 *</p>	<p>615 164</p>	<p>658 210</p>	<p>845 128</p>	<p>904 257</p>	<p>1 128 893</p>	<p>5 071 524</p>	<p>РБ-дан АНТ 223-Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандатуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер</p>
---	-----------------------	--------------------------------	--	----------	------------------	------------------	----------------	----------------	----------------	----------------	------------------	------------------	---

"Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту" деген 4.3.1-кіші бөлімде:

мына жол:

"

<p>Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттер (</p>										<p>РБ-дан НАТ 223-Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған</p>
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---

энтомофагтар) мен биопрепараттар құны бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің шығындарын субсидиялауды жүзеге асыру	АШМ-ға акпарат	Облыстар әкімдіктері	2015 жылдан бастап жыл сайын 1 5 ақпан	0	459 936 *	658 210	845 128	904 257	1 128 893	5 071 524	биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандатуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер
--	----------------	----------------------	--	---	-----------	---------	---------	---------	-----------	-----------	--

"

алып тасталсын;

аталған Бағдарлама осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1 және 2-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2014 жылғы 30 маусымдағы

№ 750 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасында  
агроөнеркәсіптік кешенді дамыту  
жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған  
"Агробизнес-2020" бағдарламасына  
1-қосымша

**Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандыруды енгізу ескерілген егіс алқаптарының жоспарлы құрылымы**

Дақыл	2013 жылдағы барлық егіс алқабы, мың га	2020 жылы мамандандыру схемасы бойынша барлық ұсынылатын егіс алқабы, мың га
1	2	3
Бидай	13 090	11 500
Арпа	1 877	3 030
Қарамық	83,5	170
Сұлы	223	320

Тары	58	80
Қара бидай	36	50
Бидай үшін жүгері	109	140
Күріш	90	80
Басқа дәнді және бұршақ	226	620
Соя бұршағы	103	150
Күнбағыс	878	680
Сафлор	295	295
Рапс	264	400
Зығыр	410	460
Мақта	140	105
Көкөніс	133	132
Бақша	82	82

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 30 маусымдағы  
№ 750 қаулысына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасында  
агроөнеркәсіптік кешенді дамыту  
жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған  
"Агробизнес-2020" бағдарламасына  
2-қосымша

## Инвестициялық субсидиялар бөлу үшін басым инвестициялық бағыттар тізбесі

Р/с №	Инвестициялық бағыттар (басымдылығы бойынша қойылған)	Өндірістік көрсеткіштер (қолданысқа енгізу жоспарланып отырған өндірістік қуаттардың саны)									
		Өлшем бірлігі	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	Жиыны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
1	Бақтар (интенсивті)	га	300	1 350	2 300	3 450	4 800	6 060	7 300	25 560	
2	Бақтар (отбасылық)	га	100	150	200	250	300	340	400	1 740	
3	Репродукторлар	бірлік	5	10	10		5			30	
4	Етті мал шаруашылығында жем-шөп өндірісіне арналған суару жүйелері	бірлік	2	2	2	2	2	2	2	14	
5	Тауарлы фермалар (ірі қара мал)	бірлік	99	200	200	200	235	234	232	1 400	
6	Бордақылау алаңдары	мал орны	6 000	9 000	9 000	9 000	9 000	9 000	9 000	60 000	
7	50 басқа арналған тауарлы сүт фермалары	бірлік	36	50	50	80	60	62	62	400	
8	100 басқа арналған тауарлы сүт фермалары	бірлік	18	50	50	80	60	70	72	400	
9	200 басқа арналған тауарлы сүт фермалары	бірлік	22	50	50	80	58	70	70	400	





40	Жұмыс істеп тұрған макарон өнімдерінің өндірісі бойынша кәсіпорындарды кеңейту және реконструкциялау	бірлік	1	1	1	1	1	1	1	1	7
41	Жұмыс істеп тұрған жарма өндірісі бойынша кәсіпорындарын кеңейту және реконструкциялау	бірлік	3	3	3	3	3	3	3	3	21
42	Қант зауыттарын кеңейту	бірлік	1	1	1	1	1	1	1	1	7
43	Жұмыс істеп тұрған жүгеріні қайта өңдеу кәсіпорындарын кеңейту және реконструкциялау	бірлік	1	1							2
44	Жұмыс істеп тұрған кондитер өнімдерінің өндірісі бойынша кәсіпорындарды кеңейту және реконструкциялау	бірлік	1	1	1						1
45	Балықтың бекіре түрлерін көбейту бойынша балық өсіру кәсіпорнының құрылысы	бірлік		2							2
46	Шарбақ шаруашылығы жағдайында арқан, бекіре балықтарының 2000 тоннасын өсіру бойынша индустриялық балық өсіру кәсіпорнының құрылысы	бірлік		1							1